**Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған консультациялық пункт туралы ереже**

*(бұдан әрі – консультациялық пункт)*

Ереже мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға педагогикалық көмек көрсету бойынша консультациялық пункт құру және оның қызметінің тәртібін айқындайды.

## I. Консультациялық пункттің қызметін нормативтік құқықтық сүйемелдеу:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. Білім туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz);
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz);
3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.
4. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.
5. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы
6.[1] [2] «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы.
7. «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.
8. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.
9. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306 Заңы.

10. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.

## II. Консультациялық пункттің міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық көмек көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- ата-аналарды (заңды өкілдерді) балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсететін білім беру жүйесінің ұйымдары туралы хабардар ету.
- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы проблемаларды тану, диагностикалау;
- мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 1-5 жастағы балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) мектепке түсу кезінде бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге көмек көрсету;
- ата-аналарға жаңа ақпараттық технологияларды таныстыру.

**Мақсаты:**

- мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- отбасылық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;
- мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- мектепке дейінгі ұйымдарға баратын және бармайтын балалардың жеке басының жан-жақты дамуын қолдау.

**Қатысушылар:** білім басқармалары, мектепке дейінгі ұйымдар.

## III. Бағдарламаны іске асыру механизмі.

**1-кезең: Дайындық.**

Жұмыстың міндеттері және мазмұны:

1. Консультациялық пунктті ұйымдастыру мүмкіндігін зерделеу *(консультациялық пункт ұйымдастыру туралы бұйрық).*
2. Консультациялық пункт ұйымдастыру мәселесіне ата-аналардың сұранысын зерттеу.
3. Мамандарды дайындау.

Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру:

- мектепке дейінгі ұйым базасындағы консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығы негізінде қажетті санитариялық-гигиеналық, эпидемияға қарсы жағдайлар, өрт

қауіпсіздігі қағидаларын сақтау, кадрлық қамтамасыз ету, қажетті бағдарламалық-әдістемелік материалдар болған кезде ашылады;

- консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді;
- мектепке дейінгі ұйымға бармайтын ата-аналармен (заңды өкілдермен), балалармен тікелей жұмысты консультациялық пункт мамандары *(мұғалім-логопед, мұғалім-психолог, тәрбиешілер және штат кестесіне сәйкес басқа да қызметкерлер)* жүзеге асырады;
- консультациялық пункт мамандарының жұмыс тәртібін мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібіне сүйене отырып, МДҰ меңгерушісі дербес айқындайды.

**2-кезең: Негізгі — практикалық. Жұмыс мазмұны:**

1. Консультациялық пункттің жұмысы үшін қызметкерлер құрамы құрылады.
2. Тұрғын жай анықталады, дидактикалық және көрнекі материалдар жинақталады.
3. Балалардың жас диапазоны анықталады – 1 жастан 5 жасқа дейін.
4. Сауалнамалар мен диагностика жасалады.
5. Консультациялық пункттің негізгі блоктары:

- балаларды бейімдеу кезінде отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек;
- ата-аналарға кеңес беру;
- балаларды әлеуметтендіру мәселелерінде отбасыларға көмек көрсету;
- ата-аналарға балаларды мектепке дайындауға көмектесу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға консультациялық көмек.

Консультациялық пункттің мамандары өз жұмысын ата-аналарға арналған сауалнамалардан және баланың жеке даму карталарынан (диагностика) алынған мәліметтер негізінде жоспарлайды, балаға қажетті әдебиеттерді, пайдалы жаттығуларды, ойындар мен ойыншықтарды ұсынады.

Мұғалім-логопед баланың танымдық және сөйлеуінің даму деңгейін анықтауға көмектеседі, балаға тіл мүкістігін жою үшін қалай көмектесуге болатынын көрсетеді, ата-ана мен балаға сөйлеудің қызықты ойындары мен жаттығуларын үйретеді.

Әдіскер балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша кеңес береді, ата-аналарға ойындар, баланың танымдық және дене дамуына арналған жаттығулар таңдауға көмектеседі, меңгеруші баланы мектепке дейінгі ұйымға ресімдеу кезінде көмек көрсетеді, нормативтік құқықтық құжаттармен таныстырады, тамақтану үшін төлем жасау кезінде жеңілдіктерді ресімдеу мәселелері бойынша кеңес береді, кез келген даулы мәселелерді шешуге көмектеседі.

**Мамандардың бұдан да басқа жүргізетін жұмыстары:**

- мектепке дейінгі ұйымның мамандары мен педагогтері педагогикалық білім банкін құруы бойынша;
- ата-аналармен жұмыс істеу үшін жобаға қатысушылардың диагностикалық әдістемелерін таңдау бойынша;
- семинар-практикумдарды өткізу процесінде әртүрлі дамытушы түзету технологияларын оқыту бойынша;
- ата-аналарға арналған жадынамалар, буклеттер, ұсынымдар әзірлеу;
- мамандардың семинар-практикумдар, тренингтер өткізуі;
- ата-аналармен бірлескен мерекелер мен бос уақытты өткізу, көрмелерге, фотокөрмелерге, байқауларға қатысу;
- оқу үшін кітапхана қалыптастыру.

Ата-аналар ойындарды, сабақтарды, іс-әрекеттерді жеке таңдауда көмек алады, зейінді, еске сақтауды, қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамытатын дидактикалық ойындармен танысады.

- Балалармен жұмыс:
- ойын арқылы өзара әрекеттесу;
- тақырыптық әңгімелер;
- түзету-дамыту жұмысы;
- шығармашылық зертханалар;
- мониторинг;
- балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- бірлескен мерекелер мен шығармашылық жұмыстардың көрмелері.

**3-кезең: Аналитикалық.**

Іске асырудың соңғы кезеңінде білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін зерделеу мониторингі, балалардың мектепте оқуға дайындығын скрининг-диагностикалау, мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасына қанағаттану деңгейін зерделеу мониторингі

көзделеді.

## IV. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидаттары:

- *құпиялылық қағидаты:* баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;
- *кешенділік қағидаты:* бала және оның отбасымен жұмысты әртүрлі профильдегі мамандар тобы жүзеге асырады;
- *ғылымилық қағидаты:* білім беру ұйымдары ұсынатын ақпарат сенімді және ғылыми негізге ие болуы керек;
- *қолжетімділік қағидаты:* ата-аналарға арналған барлық ақпарат қолжетімді түрде беріледі.

## V. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары (заңды өкілдері):

- жеке және шағын топтық кеңестер;
- семинар-практикумдар;
- дөңгелек үстелдер;
- пікірталастар;
- тренингтер.

## VI. Балалармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары:

- ұсынылған құжаттаманы талдау (медициналық карталар, анықтамалар, баланың даму картасы);
- жеке тексеру;
- жеке сабақтар.

Жеке сабақтарды мамандар консультациялық пункттің белгіленген кестесіне сәйкес жүргізеді.

Балаларға өткізілетін сабақтың ұзақтығы жас және жеке ерекшеліктерімен анықталады. Ата-аналарға 15-20 минут шамасында кеңес беру.

**Консультациялардың үлгілік тақырыптары:**

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- мектепте оқуға дайындық;
- мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;

- ойын іс-әрекетін ұйымдастыру;
- балаларды шынықтыру және т. б.

## VII. Консультациялық пунктке басшылық ету:

- консультациялық пунктке басшылықты мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі жүзеге асырады.

**Мектепке дейінгі ұйымның басшысы:**

- балалар және ата-аналармен консультациялық жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;
- консультативтік-түзету жұмыстарын жүргізу үшін педагогтерді таңдайды.

Консультациялық пункттің қызметі білім беру басшысының және мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің шешімі бойынша тарату жолымен тоқтатылуы мүмкін.

## IX. Консультациялық пункт қызметінің мазмұны:

- консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйым мамандарының қызметін интеграциялау негізінде құрылады;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады;
- консультациялық пункт жұмысына тартылған мамандардың саны мектепке дейінгі ұйымның штат кестесімен айқындалады;
- консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған дәрістер, консультациялар, теориялық және практикалық семинарлар, мектепке дейінгі ұйым мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларды диагностикалық тексерулері ұйымдастырылады.

## X. Консультациялық пункттің құжаттамасы:

- мамандардың лауазымдык нұсқаулықтары (1-қосымша);
- консультациялық пункттің перспективалық жұмыс жоспары (2-қосымша);
- консультациялық пункттің жұмыс кестесі (3-қосымша);
- ата-аналарға арналған сауалнамалар (4-қосымша);
- консультациялық пункт пен баланың ата-анасының ынтымақтастығы туралы шарт (5-қосымша);
- ата-аналардың консультацияға алдын ала жазылу журналы (6-қосымша).

## XI. Консультациялық пункт жұмысын бағалау критерийлері:

- консультациялық пункт жұмысының нәтижелілігін бағалауды және анықтауды ата-аналар әр кездесуден кейін жүзеге асырады, ол үшін ата-аналарға сауалнаманы толтыру ұсынылады.

*Ескерту:*

*Мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастырылады:*

- *ата-аналарға арналған кеңестің мәтіні;*
- *мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейне-ойындар;*
- *консультацияға жазылу туралы хабарландыру: телефон арқылы;*
- *телефон арқылы, мессенджерлер арқылы мамандарға кеңес беру (WhatsApp, Telegram).*

## XII. Күтілетін нәтиже:

- ерте жас тобындағы балаларды МДҰ жағдайына бейімдеу;
- МДҰ баратын және бармайтын мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру;
- ата-аналар мен МДҰ арасындағы өзара ынтымақтастық;
- басқа білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл;
- МДҰ рейтингін көтеру.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар – Астана. Балаларды ерте дамыту институты, 2022 жыл.

2.Архипова Е.Н. Организация и содержание деятельности консультационного пункта в ДОУ / Е. Н. Архипова, Н. В. Емельянова, Е. С. Копица. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 11.1 (353.1).

**Положение**
**о консультационном пункте для родителей**
*(далее — консультационный пункт)*
**в дошкольных организациях**

Положение определяет порядок создания и деятельности консультационного пункта по оказанию педагогической помощи семьям, воспитывающим детей дошкольного возраста.

**I.Нормативное правовое сопровождение деятельности консультационного пункта:**

1. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании». Об образовании - ИПС "Әділет" (zan.kz).
2. Закон РК от 23.11.2010 № 354-IV «О правах ребенка в Республике Казахстан». О правах ребенка в Республике Казахстан - ИПС "Әділет" (zan.kz).
3. Закон Республики Казахстан от 11 июля 2002 года № 343 «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343.
4. «Об утверждении модели развития дошкольного воспитания и обучения» ПП РК от 15 марта 2021 года № 137 Об утверждении модели развития дошкольного воспитания и обучения - ИПС "Әділет" (zan.kz)
5. «Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023–2029 годы» ПП РК от 28 марта 2023 года № 249. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249.
6. Об утверждении Типовых штатов работников государственных организаций образования Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 21 июля 2023 года № 224. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033166. [1] [2] [3] [4] [5] [6] [7] [8] [9] [10] [11]

**II. Задачи консультационного пункта**:

- Предоставление консультационной поддержки родителям (или законным представителям) с целью улучшения их психолого-педагогических навыков в вопросах воспитания, обучения и развития детей;
- Предоставление родителям (или законным представителям) информации организаций в системе образования, которые

специализируются на оказании квалифицированной поддержки детям в соответствии с их индивидуальными потребностями и особенностями.

- Распознавание, диагностирование проблем в развитии дошкольников;
- Поддержка родителей (или законных представителей) детей в возрасте от 1 до 5 лет, которые не посещают дошкольные учреждения, в обеспечении равных возможностей для успешного старта в школе.
- Ознакомление родителей с новыми информационными технологиями.

**Цель:**

- обеспечения доступности дошкольного образования;
- обеспечения единства и преемственности семейного воспитания;
- повышения педагогической компетентности родителей (законных представителей) воспитывающих детей дошкольного возраста на дому;
- поддержка всестороннего развития личности детей, посещающих и не посещающих дошкольные организации.

**Участники:** Управления образования, дошкольные организации.

## III. Механизм реализации программы

**1 этап: Подготовительный**

Задачи и содержание работы:

1.Изучение возможности для организации консультационного пункта (приказ об организации консультативного пункта).

2. Изучение спроса родителей на организацию консультационного пункта.

3. Подготовка специалистов.

Организация деятельности консультационного пункта:

- консультационный пункт на базе дошкольной организации открывается на основании приказа заведующего дошкольной организации при наличии необходимых санитарно-гигиенических, противоэпидемических условий, соблюдении правил пожарной безопасности, кадрового обеспечения, необходимых программно-методических материалов;

- консультационный пункт работает согласно графику работы, утвержденному приказом заведующего дошкольной организации; непосредственную работу с родителями (законными представителями), детьми, не посещающими дошкольную организацию, осуществляют специалисты консультационного пункта (учитель-логопед, педагог-психолог, воспитатели и другие работники в соответствии со штатным расписанием);
- режим работы специалистов консультационного пункта определяется заведующим ДО самостоятельно, исходя из режима работы дошкольной организации.

**2. этап: Основной — практический.**

**Содержание работы:**

1. Для работы консультационного пункта создается штат работников.
2. Определяется помещение, комплектуется дидактический и наглядный материал.
3. Определяется возрастной диапазон детей – от 1 года до 5 лет.
4. Разрабатываются анкеты и диагностики.
5. Основные блоки консультационного пункта:
    - психолого-педагогическая помощь семьям при адаптации детей;
    - консультативная помощь родителям;
    - помощь семьям в вопросах социализации детей;
    - помощь родителям по подготовке детей к школе;
    - консультативная помощь родителям, воспитывающих детей с ограниченными возможностями здоровья.

Специалисты консультационного пункта планируют свою работу на основании сведений, полученных из анкет для родителей и карт индивидуального развития ребенка (диагностика), рекомендуют необходимую литературу, полезные упражнения, игры и игрушки для ребенка.

Учитель-логопед помогает определить уровень познавательно-речевого развития ребенка, показывает, как можно помочь ребенку избавиться от речевых недостатков, учит родителя и ребенка интересным речевым играм и упражнениям.

Методист консультирует по вопросам воспитания, обучения и развития детей, помогает родителям в выборе игр, упражнении для познавательного и физического развития ребенка, заведующий оказывает помощь при оформлении ребенка в дошкольную организацию, знакомят с

нормативно-правовыми документами, дает советы по вопросам оформления льгот при оплате за питание, помогает решать любые спорные вопросы.

Кроме этого специалистами ведется работа:

- по созданию банка педагогических знаний специалистами и педагогами дошкольной организации;
- по подбору диагностических методик участниками проекта для работы с родителями;
- по обучению различным развивающим коррекционным технологиям в процессе проведения семинаров-практикумов;
- разработка памяток, буклетов, рекомендаций для родителей;
- проведение специалистами семинаров-практикумов, тренингов;
- проведение совместных с родителями праздников и досугов, участие в выставках, фотовыставках, конкурсах;
- формирование библиотеки для чтения.

Родители получают помощь в индивидуальном подборе игр, занятий, видов деятельности, знакомятся с дидактическими играми, развивающими внимание, память, воображение, мелкую моторику.

Работа с детьми:

- игровое взаимодействие;
- тематические беседы;
- коррекционно-развивающая работа;
- творческие лаборатории;
- мониторинг;
- психолого-педагогическое сопровождение детей;
- совместные праздники и выставки творческих работ.

**3 этап: Аналитический.**

На заключительном этапе реализации предполагается мониторинг изучения психологической безопасности образовательной среды, скрининг-диагностика готовности детей к обучению в школе, мониторинг изучения уровня удовлетворенности качеством деятельности дошкольной организации.

## IV. Принципы организации работы консультационного пункта:

- *принцип конфиденциальности:* информация об особенностях ребенка и его семье не разглашается без согласия родителей;
- *принцип комплексности*: работа с ребенком и его семьей осуществляется командой специалистов разного профиля;

● *принцип научности:* информация, предоставляемая организациями образования должна быть достоверной и иметь научную основу;
● *принцип доступности:* все информация для родителей дается в доступной форме.

## V. Основные формы организации работы с родителями (законными представителями):

- индивидуальные и подгрупповые консультации;
- семинары-практикумы;
- круглые столы;
- дискуссии;
- тренинги.

## VI. Основные формы организации работы с детьми:

- анализ предоставленной документации (медицинские карты, справки, карта развития ребенка);
- индивидуальное обследование;
- индивидуальные занятия.

Индивидуальные занятия проводятся специалистами в соответствии с установленным графиком консультационного пункта.
Продолжительность занятия с детьми определяется возрастными и индивидуальными особенностями. Консультирование родителей до 15–20 минут.

**Примерная тематика консультации:**

- возрастные, психофизиологические особенности детей;
- готовность к обучению в школе;
- профилактика различных отклонений в физическом, психическом и социальном развитии детей дошкольного возраста;
- организация игровой деятельности;
- закаливания детей и др.

## VII. Руководство консультационным пунктом:

- руководство консультационным пунктом осуществляет заведующая дошкольной организации.

**Заведующий дошкольной организации:**

- обеспечивает создание условий для проведения с детьми и родителями консультативной работы;
- подбирает педагогов для консультативно-коррекционной работы.

Деятельность консультационного пункта может быть прекращена путем ликвидации по решению руководителя образования и заведующего дошкольной организации.

## VIII. Содержание деятельности консультационного пункта:

- организация психолого-педагогической помощи родителям (законным представителям) в консультационном пункте строится на основе интеграции деятельности специалистов дошкольной организации;
- консультирование родителей (законных представителей) может проводиться одним или несколькими специалистами одновременно;
- количество специалистов, привлеченных к работе в консультационном пункте, определяется штатным расписанием дошкольной организации;
- в консультационном пункте организуются лектории, консультации, теоретические и практические семинары для родителей (законных представителей), диагностические обследования дошкольников специалистами дошкольной организации.

## IX. Документация консультационного пункта:

- должностные инструкции специалистов
- перспективный план работы консультационного пункта
- расписание работы консультационного пункта
- анкеты для родителей
- договор о сотрудничестве консультационного пункта и родителей ребенка
- журнал предварительной записи родителей на консультацию

## X. Критерии оценки работы консультационного пункта:

- оценка и выявление результативности работы консультационного пункта осуществляется родителями после каждой встречи, для этого родителям предлагается заполнить анкету.

*Примечание:*

На сайте дошкольной организации размещаются:

- текстовые консультации для родителей;
- обучающие видео-игры для детей дошкольного возраста;
- объявление о записи на консультацию по телефону;

- консультации специалистов по телефону, через мессенджеры (WhatsApp, Telegram).

## XI. Ожидаемый результат:

- адаптация детей раннего возраста к условиям ДО;
- социализация дошкольников, посещающих и не посещающих ДО;
- сотрудничество между родителями и ДО;
- взаимодействие с другими организациями образования;
- повышения рейтинга ДО.

## Список использованной литературы:

1.Инструкция для консультационных пунктов по организации работы с родителями детей, которые не охвачены дошкольным воспитанием и обучением — Астана. Институт раннего развития детей, 2022 год.

2.Архипова,Е.Н. Организация и содержание деятельности консультационного пункта в ДОУ / Е. Н. Архипова, Н. В. Емельянова, Е. С. Копица. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 11.1 (353.1).